

Аудан әкімдігінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 74 "Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 170 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2013 жылғы 29 наурыздағы №74 ""Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3267 болып тіркелген, 2013 жылғы 03 мамырдағы "Қаратөбе өңірі" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Өмірзақовқа жүктелсін.

Аудан әкімі

А.Шахаров